

"Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы акционерлерінің Сату туралы келісімін бұзу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 қарашадағы N 1481 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы акционерлерінің Сату туралы келісімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қыркүйектегі N 826 P980826 қаулысымен бекітілген 1998 жылғы 28 тамызда Қазақстан Республикасы мен " Central Asian Industrial Investment N.V." компаниясының арасында жасалған " Қазақтелеком" ашық акционерлік қоғамы акционерлерінің Сату туралы келісімін (бұдан әрі - Келісім) бұзу туралы "Central Asian Industrial Investment N.V." компаниясының ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген т ә р т і п п е н :

1) К е л і с і м д і б ұ з с ы н ;

2) Келісімді бұзғаннан кейін Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру жөніндегі қажетті шараларды қ а б ы л д а с ы н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі